

ситетіне — 75 жыл

Менің балалық шағым “тарихтың қойып кеткен арбасындай” деп ақиық акын Ғафу Қайырбеков жырлаған Торғай өнірінде өтті. Осы қасиетті жерде болған оқиғалардың қандай да қазақ халқының жер үшін, тәуелсіздік үшін күресімен байланысты. Торғай даласы кең, ана шалғайы мен мына шалғайы күндік жер. Жастайымыздан Қабырға, Саға өзендерінен бастау алған Торғай өзенінің көусар суынан сусындап, жай-қалған тоғайындағы бүлдіргенін теріп өстік. Туған ауылдың әрбір тұрғынын өзімізге туыс-бауырдай сезнетін сол бір шақ әлі күнге дейін есімде. Мен өмірімде өзім туып-өскен Торғайым мен алғаш ғылым мен білімге жол көрсеткен ҚазГУ-імді ешуақытта ұмытқан емеспін. Ұмыта да алмаймын.

Құштарлық кернеген, қияға құлаш сермеген, көгілдір арман көгінде қалықтайтын жастық шақ, дана Абай келісті кестелегендей: “талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрлеген”, яғни адам ғұмырындағы осынау беу, шіркін, алтын шақ, жалынды дәурен өзгеше ғой! Әр жылы дүниеге келген ұрпақтың өз тағдыры бар. Менің балалық бал дәуренім Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келгендіктен, жастық өмірдің қиындығы айтпаса да түсіптікі.

Мен де өз қатарластарым сияқты ерте ержеттім, білімге ерте ұмтылдым.

уым, Лениндік стипендия иегері болуым, түрлі студенттік-ғылыми конференцияларға қатысып, Алматы, Самарқанд және КСРО-ның басқа да қалаларында баяндамалар жасауым толығымен ғылымға құштарлығымды оятты. Ғылым жолы осы кезде басталды. 1960 жылы университетті қызыл дипломмен тәмамдадым. Сол жылы ҚазМУ-дің халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасында ассистент етіп қалдырды. Ғылым саласына әр адам өзінің табиғи мінезі, бітім-болмысымен келін кіргеді. Ғылым жолында осы қасиет ерекшеленін тұруы қажет. Бұл да менің сол кезеңнен бастау алған қағидам.

Бізге факультетте Ленинградтан, Мәскеуден келген атакты экономист ғалымдар: Ф.Жеребятъев, С.Нейштадт, И.Бровер, Ц.Фридман, М.Бутин, экономика ғылымының қазақстандық мектебін қалыптастырушы биіктілігі жоғары ұстаздарымыз С.Бөйішев, Т.Шәукенбаев, Т.Төлебаев, С.Толыбеков, Г.Чуланов, Я.Әубәкіров, Д.Қабдиев және басқалары дәріс берді. Осы ұстаздарымның берген білімі, ілімі менің өмірлік жолымды әлі де нұрландырып тұрғандай.

Елімізде ғылым мен жоғары мектептерге сай мамандар дайындау қажеттілігінен біз оқыған тұста жана кафедралар ашыла бастады. Экономика факультеті “Саяси экономика” кафедрасы негізінде

өз білімдерін шетелде жалғастыруда. ҚазҰУ — Түркия, Қытай, Иран, Корея, Египет және тағы басқа елдердің университеттерімен тығыз байланыста. Иә, біздің Ұлттық университет — ұлттық дәстүрлерімізбен қатар, Шығыс пен Батыстың ең озық ғылымы мен білімін талғаммен бойына жиып, оны жас ұрпақ кокеіне сіңіріп келе жатқан рухани құндылықтар ордасы.

Экономикалық дамудың өркеніетті үлгісі — тұрақтылықта, соны қамтамасыз етепін тетіктер жаңарып, өзгеруде. Мұның өзі экономикалық дамудың мүмкіндіктерін ашып, өнім мен тауар сапасын, олардың халықаралық бәсекелестіктігін қамтамасыз ететін озық технология, халықаралық интеграциялық іс-әрекет, халықаралық деңгейде қалыптасқан құқықтық негіз бен стандарттық нормаларды үйлестіру қажет екені айқын көрінеді. ҚазҰУ-де халықаралық стандартқа икемді технологиялық орталықтарды ұйымдастыруға да аса мән берілген.

Бізде биотехнология ғылымының даму деңгейі өте төмен. Кеңес өкіметі кезінде КСРО Ғылым академиясының көмегімен Ақмолада Биотехнологиялық орталық ашылып еді. Сол орталық жұмысын жандандыра бастаған болатын. Кейінгі уақытта аты естілмейді. Биотехнологиялық мамандарды даярлау

БАҒДАРШАМ



Көрген қиындықтарды білім ғана ұмыттыратынын ұқтым. 1945 жылы Жангелдин ауылындағы мектептің алғаш рет табалдырығын аттадым. Мектептің ретінде қалыптасуыма мектептің ұстаздардың да сіңірген еңбегі зор. Сабақтан қолым бос кезде ауылдағы кітапханадан

ұйымдастырылды. Көп жыл көлемінде ол жалпы университеттік кафедра ретінде ҚазМУ студенттеріне саяси экономикалық білім берді. Экономика факультеті құрамында саяси экономия мамандары дайындала бастады. Біз оқыған кезде “Өнеркәсіп экономикасы” атанған

мәселесінің де республиканың жоғары оқу орнында алатын орны мәз емес. Осыны дамыту негізінде ҚазҰУ-де “биотехнология” мамандығы ашылыпты, биология факультетінің жанынан биотехнология орталығы ашылмақшы. Бұл құштарлық іс. Мұндай ірі жобаларды

табалдырығын аттадым. Мектептің тұлға ретінде қалыптасуыма мектептайыұстаздардың да сіңірген еңбегі зор. Сабақтан қолым бос кезде ауылдағы кітапханадан шықпайтынмын. Жас кезімнен кітапқа құмар болып өстім. Әсіресе қазақтың ұлы ойшылы Шәкәрім Құдайшардиевтің жастарды ғылым-білімге, ө. жаға баулуы дағы ой-тұжырымдары үлкен ой салды.

Алаяқ сұмдарға ерсен болмас жолың, Қазағым-ау, қанғырып қайнар сорың. Өнер-ғылым үйренсен, еңбек етсең,

Мазак болмай елдікке жетер қолың, — деп, білім, ғылым игеру қазақтың қолын теңдікке жеткізетінін насихаттап, жастардың сана-сезіміне әсер еткен ғой.

Қоғамның ұлттық-мәдени даму жолында өзінің күрделі қырларымен өшпес із қалдырған тұлғалардың бірі — ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов әдебиетші болғанымен де, қоғамдық сананың, саяси-тарихи, әлеуметтік-экономикалық ойдың да шебері болған. “Мәдениетке қай көсіп жуық” деген мақаласында қазақтың кәсіп таңдау, кәсіпке мамандануына халықтың мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі, табиғат жағдайы және тұтынып кәсібі әсер етеді деген зор дүниетанымдық пікір айтады. Ал “Ғылым” атты еңбегінде білім-ғылымның дамуын адамзат дамуының жолдарымен диалектикалық байланыста алып қарап, ғылымды да өндіріс әдістері туғызады деп есептеген.

Елдің болашағын болжаған қазақ зиялыларының бірі Смағұл Сәдуақасовтың “Жетті күйзелулер. Енді еңбек пен ғылымға бет бұру керек” деп үндеу тастағаны осы жылдар. Қазақ зиялыларының демократиялық ұмтылыстары мен көзқарастары білім, ғылым және басқа да құндылықтарды байлықтан жоғары қойды. Бар байлық білімде екенін бізге ұғындыра білді.

Қазаққа ғылым, білім жолын нұсқаушылардың бірі қазақ ойшылы — А. Байтұрсынов. “Қазақ” газетінде басылған мақалаларының бірінде былай деп жазды: “Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді 2-3 есе қымбат бағаға сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік — білім-ғылымнан қалыс қалушылық” деп елін білім-ғылымға үндейді. Менің экономика саласын таңдауымның бір себебі де осы.

1955 жылы мектепті күміс медальмен бітіріп, сол жылы білімнің қара шаңырағы — Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) экономика факультетіне оқуға түстім. Ол кезде ҚазГУ республикада жалғыз университет болатын, онда оқуға қабылдану қай жастың да арманы еді. Қазір де Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық білім кеңестігінің беделді оқу ордасы, ақыл-ой қазынасының мөддір бұлағындай, еліміздегі ғылыми шаңырақтардың шіндеті шоқтығы биік, тарихы мол, білімнің Ақ ордасы екені айқын.

ҚазГУ қазақтың рухани мәдениетін айырықша сатыға көтерген шаңырақ. Ол қазақ халқының жаппай орта білім алуға көшкен кезінде, қазақ интеллигенциясының қалыптаса бастаған тұсында ашылды, сол кезден бастап қоғамның рухани мазмұнын, дүниетанымын өзгертуге теңдесі жоқ үлес қосты. Университеттен ұшқан қарлығаштар білімге, мәдениетке күштарлық дәстүрін қалыптастырып, республикамыздың сан-салалы экономикасы, білімін, ғылымын, мәдениетін арттыруға мейлінше белсенділікпен, биіктікпен араласып, еліміздің оркендеуіне өздерінің үлестерін қосуда, өзінен кейінгі ұрпаққа да үлгі, өнеге бола білді. Бұл дәстүр әлі жалғасын табуда.

Университетте оқып жүргенде жастар ұйымдарының жетекшілерінің бірі бол-

миялық білім берді. Экономика факультеті құрамында саяси экономия мамандары дайындала бастады. Біз оқыған кезде “Өнеркәсіп экономикасы” атанған “Салалық экономика” кафедрасы 1996-1997 оқу жылына дейін жұмыс жасады. Факультетте өнеркәсіп экономикасы, қаржы және несие, бухгалтерлік есеп, салалық экономика, материалдық-техникалық жабдықтау экономикасы, статистика және еңбек экономикасы, халық шаруашылығының экономикасы салалары бойынша мамандар дайындалды. Факультеттен ұшып шыққан экономист-мамандар Қазақстанның экономикасын дамытуға өз үлестерін қосуда.

Университеттің экономика факультеті 1963 жылы Алматы халық шаруашылығы институты (қазір Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті) болып болып шыққан соң саны мен сапасы жағынан айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бұл Қазақстанда экономикалық білімнің өрістеуі мен көтерілуінің белгісі еді.

Экономикалық реформа негізінде болған еліміздегі ауқымды оқиғалар оқу жүйесінде қайта құру мәселелерін талап етті. ҚазМУ-де (1968 жылғы қараша) философия және экономика факультеті ұйымдастырылды.

Факультет тарихындағы жаңа кезең тарихи өзгерістерге байланысты болды, яғни КСРО ыдырауы, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі және жалпы экономикалық құрылыстың ауысуынан туындады. Бұл тарихи оқиғалар кеңестік тұрпаттағы жоспарлы экономикадан ашық нарықтық экономикаға өту кезінде Қазақстанның жоғары экономикалық білім беру орындарына жаңа талаптар қойды, сол себептен ҚазМУ-дің философия және экономика факультеті еліміздегі жетекші, сонымен қатар алдыңғы қатардағы жоғары оқу орны ретінде бұл өзгерістерге өз үлесін қосты.

1997 жылдың маусым айында факультет кезекті қайта құруды бастан кешті. Екі факультет негізінде — экономикалық және заң факультеті — Экономика және заң институты болып құрылды. Институт Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің ең ірі бөлімшесі ретінде танылды.

2001 жылдық қыркүйек айында ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен Экономика және заң институты екі факультетке бөлінді: заң, экономика және бизнес факультеттері. “Әлемдік экономика” мамандығы экономика және бизнес факультеті құрамынан халықаралық экономикалық қатынастар факультетіне берілді. Сонымен, 2001-2002 оқу жылында факультеттің қазіргі жағдайы мен құрылымы қалыптасты. 1963 жылы Халық шаруашылығы институты бөлініп шыққаннан бері факультет бірыңғайланып, экономика саласы бойынша мамандар дайындай бастады.

2003 жылдың 1 қыркүйегінен бастап экономика және бизнес факультеті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің үлкен бөлімшесінің бірі және өз құрамында толық циклді жоғары дәрежелі бакалавриат, магистратура, PhD докторантура мамандарын дайындауда. 2002-2003 оқу жылында магистратура, 2003-2004 оқу жылы бакалавриат кредиттік технология оқу жүйесіне көшті.

Бүгінде Қазақстан өз алдына әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу секілді биік мақсат қойып отыр. Ал бәсекеге қабілеттіліктің басты факторы — білім сапасы. Тәуелсіздік таны алаулап атқаннан бері Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында еліміздің мыңдаған жас өрендері шетелдік оқу орындарында сапалы білім алса, бүгінде екі жарым мыңнан астам жастарымыз ғылым қуып,

технология” мамандығы ашылыпты, биология факультетінің жанынан биотехнология орталығы ашылмақшы. Бұл құптарлық іс. Мұндай ірі жобаларды жасауда ҚазҰУ-дің ректоры, академик Бақытжан Жұмағұловтың еңбегі зор екенін атап өткен орынды.

Елбасымыздың әр жылғы халыққа Жолдауы ел өмірінде ерекше маңызға ие, алайда биылғы Жолдаудың бір ерекшелігі — әлеуметтік саясаттың басымдығы. Экономикамыз өркендеп, табысымыз артқан кезде мемлекеттің әлеуметтік салаға бұрынғыдан бетер қолдау көрсетуі қуанарлық жәйт. Халықтың әл-ауқатын арттыру, өмір сапасын жақсарту, XXI ғасырдың ескелең ұрпақтары мен жалынды жастарын сапалы біліммен қамтамасыз ету Президент атап көрсеткен басым бағыттардың бірі ғана. Сонымен бірге Елбасы Жолдауының ерекше маңызды салаларының бірі — экономикалық реформалардың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, “ноу-хау” жаңалықтар енгізу арқылы кәсіпорынды тиімді басқару, корпоративті басқару жүйесін жетілдіру — ел экономикасының дамуын айқындаушы басты критерийлер.

Мемлекет тарихымен үндестікте қалыптасып, дамып келе жатқан университетіміздің басты өзгешелігі өткен мен болашақ алдындағы жауапкершілікті ойда ұстай отырып, XXI ғасыр талабына сәйкес маман даярлау, білім мен ғылым көкжиегін кеңейтуде жатыр. Сондықтан, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті — бүкіл республика үшін ғылым мен білімнің ең ірі орталығы әрі жаһандық өркениеттің асқар шыңы. Тәуелсіз елдің инновациялық идеялары мен ғылыми технологиялық құндылықтардың да ордасы.

Өткен жылдың 21 сәуірінде белгілі қоғам қайраткері Бақытжан Жұмағұловты университеттің жаңа ректоры етіп тағайындағанда, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев университеттің ең басты мақсаты — Қазақстанның қарқындап дамып келе жатқан экономикасына арнап жоғары класты кадрларды даярлау, сонымен қатар жеткіншек ұрпақты патриоттық рух пен Отанға қызмет ету барысында тәрбиелеу деп ҚазҰУ-ге үміт артты.

ҚазҰУ — еліміздегі іргелі оқу орындарының арасындағы көшбасшы. Мұның бір дәлелі — 2008 жылы 2-курс студенттеріне жүргізілген мемлекетаралық бақылау бойынша алғашқы орында болды, биылғы 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік оқу грантының 2568-ін иеленіп, республика бойынша бірінші орынға шықты. Бұл еліміздегі мектеп бітіруші түлектердің ҚазҰУ-ге деген зор сенімі екені даусыз. Ғылымның қозғаушы күші — білім. Білім мен ғылым бірге болғанда ғана нәтижелі болмақ, яғни жастарға білім бере отырып, ғылыми тәжірибеге үйрету қажет. Осы негізде ҚазҰУ-дің жанынан ашылған ғылыми-зерттеу институттарының да жастардың білімін ұштауға берері мол.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін мерейтойымен құттықтай отырып, болашағын жарқын болсын қасиетті қара шаңырақ демекші. Университет ұжымының саналы да салиқалы ғұмыры, жемісті еңбегі жылдардан жылдарға жалғасып, ел игілігі үшін саналы қызметі парасаттылықпен ұшғасып, білім-ғылым биігіне асқақтай берсін.

Қазақтың қара шаңырағы тек ғылым мен білім ордасы ғана емес, бұл өмір мектебі. “Тарыдай болып кіріп, таудай білімді алып шығатын Ақ орда”. Бір сөзбен айтқанда, ҚазҰУ — бақытқа жетелейтін бағдаршам.

Кенжеғали САҒАДИЕВ.